

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

«Халықтың қуаты-бірлікте»

Ересектер «Ертөстік» тобының ұйымдастырылған мерекелік іс-шарасы.



Тәрбиеші: Әміреева Алтын

Таушық 2025

30.04.2025 ж

Мақсаты:

Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.

Балалар әр түрлі ұлт болып, кіреді. (Жәй музыка қосылып тұрады.)

Хор: «Әнұран»

Жүргізуші:

Күні күліп, шуақ төккен бар аспан
Барлық әлем қызығумен қарасқан
Қазақ елі барлық ұлттың Отаны
Достығы мен ынтымағы жарасқан
Армысыздар, құрметті қауым. Біздің Республикамызда 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады. Қазақстандағы барлық ұлттар бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді. Сіздерді бүгінгі 1 мамыр Қазақстан халқының Ынтымақ күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі ұлттармен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Халықтың қуаты-бірлікте» тақырыбында мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Қазақ халқы жомарт, даласы дархан, орманы кең, таулары қалқан болған ақ бесікті ата-мекен. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші:

Елім менің, жарқыраған, жайнаған,
Бақ біткенде бұлбұл құсы сайраған.
Елім менің биіктігі шарайнам,
Қыран құсы көгінде мың самғаған!
Жүргізуші: Тілі, түрі бөлк болған мен жүрегі, тілегі «Қазақстаным-туған жерім» деп соғатын біздің елдегі өзге ұлт өкілдері ынтымақ пен достықтың туын жоғары ұстап, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр Ендігі кезек, балаларымыздың тақпақтарына берейік.

Томирис:

Достық-шырағымыз
Достық-ұранымыз.
Достық-туымыз,
Достық-әніміз.

Айдай:

Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан.
Бірлік асыл мұрамыз.

Кәусар:

Дос болайық бәріміз.
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз.
Атсын күліп таңымыз.

Қарақат:

Аман болып еліміз.
БІнтымақта болайық.
Бірлігіміз жарасып.
Толған айдай толайық.

Орыс, қазақ, өзбек туыс боп ағаласып,
Қаны, тілі жатырғой араласып.
Отбасылық бақыты ортақ болсын,
Қол ұстасып, еңбекет, дала ғашық!
Алдарыңызда Орыс биімен «Ертөстік»тобының бүлдіршіндерін шақырамыз.
«Орыс биі»

Жүргізуші

Қазақстан бүгін міне, жеке отау салтанаты жарасқан
Бір отбасы,бір туысқан бір-біріне қарасқан
Қазақстан бүгін міне, достық туын тіккен жер
Мәуелі бақтай жемісін шашқан көп ұлттар
Байлықтың ең үлкені-Халықтар достығы-дей отырып Ертөстік тобының
бүлдіршіндерін «Татулықта күшіміз» әнімен қарсы алыңыздар.

Хор: «Татулықта күшіміз»

Жүргізуші:

Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,
Ақмаржандай көңілі үлпілдеген,
Өзбек менің өз ағам – дейді қазақ
Дастарханнан дәм-тұзы бөлінбеген
Тілі ұқсас,жүрегі, тілегі «Қазақстаным-туған жерім» деп соғады. : Әр
халықтың өз мәдениеті, өз тілі, тағамдар, ұлттық киімдері, салт-дәстүрлері
бар. Дей келе Өзбек биімен Ертөстік бүлдіршіндерін шақырамыз.

«Өзбек биі»**Жүргізуші:**

Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтұғын ғасырмын.
Бақыт шамын әлемге

Ұмытылмас асылмын-деп ендігі кезекті ұлттық ойынға берейін «шаңырақ» ойыны.

Ойын: «Шаңырақ»

Мақсаты: Балалар шеңбер бойлай тұрып, өлең жолдарын айтады. Балаларды бір-бірімен дос болуға, бір шаңырақ астында дос болуға үйрету.

Жүргізуші:

Ел тарихы, жер тарихы өзіміз.

Болашақтың қасиетті көзіміз.

Барлық ұлтпен бауырласып жетерміз,

Ақ-қараны тіліп тұрса сөзіміз.-дей, келе келесі бимен бүлдіршіндерімізді қарсы алайық.

«Қара жорға биі»

Жүргізуші:

Ағайын бар, туған бар адам,

Адалды үшін жаралған,

Қымбар туыстық

Баянды болсын тыныштық!

Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»- деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

Хор «Достық» әні







